



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

**ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ: ӨЗГЕ ТІЛДІ
АУДИТОРИЯДА ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯСЫ**

**ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ УНИВЕРСИТЕТЫ:
ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В
ИНОЯЗЫЧНОЙ АУДИТОРИИ**

АЛМАТЫ
«Қазақ университеті»
2011

Буланова Т., Ембергенова К. Денгейлеп оқыту әдісін физика пәнінде қолдану	90
Ембергенова К., Буланова Т. Жаңа технологиялардың тиімділігі	93
Тілеубай Г.К. Инновационные методы обучения русскому языку	96
Арыстанбекова К.Д. Ауған студенттерін оқытудың методологиялық ерекшеліктері	99

2-БӨЛІМ. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘЖІРІБЕДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Қаратаев Т.К. Жарқын істерге бастайтын Жолдау	102
Примаев Н.М. Қазақ тіліндегі ұлттық заңнама: тәжірибе және кейбір теориялық аспектілер	103
Салқынбай А. Шаһкәрімдегі «жан» концепті: ақылдың көзін байлама	107
Бұддыбай А.С. Т. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы шешендік сөздер	116
Катков Е.А. Бураққалар және оның математикасы	123
Бұддыбай А.С. Ізгілеуов және Сыр бойы жырауларының дәстүрі	126
Саткенова Ж.Б. Тіл біліміндегі ғылыми парадигмалар туралы	135
Мусағұлова А.Б.Кенес үкіметінің діни мектептерді жою тарихынан	139
Ақыбек С.Ш. Т.Ізгілеуұлы өлеңдерінің орфографиялық және интонациялық құрылымы	144
Бейсеқенова А.С. Мүсілім Базарбаевтың әдеби мұраны сақтау, қорғау ісіндегі айрықша белсенділігі	150
Аширова А. Мәдени мұра және ұлттық менталитет	152
Касенова А.М. Ұстаздықты ұлылық тұтқан	157
Дауытова Ж.К., Шукетаева К.Қ. Білім беру сапасын дамытудағы компьютерлі-математикалық дайындықтың ролі	160
Khudoyqulova D.K., Rakhmanova A.A. The origin and formation of pharmaceutical and medicinal terminology and their usage	163
Әшірбекова К.С., Нусеубаева С.А. Жетісу дүңгендерінің ұлттық киім үлгілері мен қолданбалы сән өнеріндегі этнографиялық ерекшеліктер	166
Әмірова М., Мухадиева К. Бала тілін этнопсихолінгвистикалық тұрғыдан зерделеудің қажеттілігі	173
Қирбаева Д.К. Биопрепарат на основе спиролина	177
Сапаева Г.Е. Көнегерен сөздерді оқыту	181
Саткенова Ж.Б. Соматикалық фразеологизмдерді «алам – таным – тіл» үштігі негізінде зерттеудің ерекшеліктері	184
Мужигова Г.М. Дулат ақын өлеңдерінің құрылымдық ерекшеліктері	186
Малик М.М. Түсіндірілуі қиын қыстырма дыбыстардың морфонологиясы	194

1-БӨЛІМ

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ДАЙЫНДАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Куралай Аккушқарова,
д.ф.-м.н., профессор,
заведующая кафедрой довузовской
подготовки КазНУ имени аль-Фараби

СИНТЕЗ ЯЗЫКОВОГО, ОБЩЕНАУЧНОГО И АДАПТАЦИОННОГО КОМПОНЕНТОВ ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ

Тенденция расширения международного образовательного пространства в современных условиях развития образования и перехода казахстанского образования на кредитную систему обучения требуют качественно новых, инновационных, подходов и к методике преподавания языков и предметов для иностранных студентов, количество которых в наших вузах ежегодно расширяется. Понимание приоритетности решения таких задач усиливается и с укреплением позиций Казахстана на мировой арене и внедрением масштабной Программы развития образования в соответствии с проектом «Интеллектуальная нация», призванного приблизить нашу образовательную систему к мировым стандартам. Вузы должны выходить на международный рынок образовательных услуг в новом качестве, в том числе и довузовской подготовки иностранных граждан, закладывающих фундамент обучения в вузах Казахстана на государственном языке.

История существования подготовительных факультетов насчитывает в Казахстане уже 25 лет. Одним из первых такой факультет был создан именно у нас, в Казахском национальном университете имени аль-Фараби. Однако в условиях СССР подобные факультеты имели свои приоритеты, и обучение в них требовало других подходов. Хотя главное оставалось неизменным – качественная подготовка иностранных граждан к получению образования в наших вузах. Надо отметить, что система обучения на факультете за многие годы достигла значительных успехов. Однако жизнь вносит свои коррективы, и в настоящее время от педагогов требуется внедрение и освоение таких методик обучения, которые обеспечивают приоритет системных, научно обоснованных, инновационных педагогических подходов и внедрения новых программ.

Как правило, иностранные студенты не владеют языком, а за год обучения мы должны не только научить их языку как средству коммуникаций и ориентированному на профессиональную область, дать основы предметов, но и подготовить к общему Единому национальному тестированию по 4 предметам. Исходный уровень их знаний по естественнонаучным дисциплинам, в частности, по физике, зачастую (а это результат многолетнего опыта работы с таким контингентом, как Китай, Турция, Афганистан, Монголия и др.) не только не

жетпестей сұлу бітімі, Жұбан ақын өлеңдеріндегі азаматтық сарын, Алаш қайраткерлері "ақтандақтар" әдебиетінің басқаша болмыс-бітімі мейілінше білікті зерттеулері – қазақ әдебиеттану ғылымының қашан да тозбайтын, құндылығы ортаймайтын ғылыми-теориялық негіздемелерінің қатарында. Іргелі, мызғымас ақиқатпен өрілген табысты нәтижелерінің қатарында.

Ғалым әдебиет тарихындағы қазақ поэзиясының басты сипаттарын ашып айқындауда зор еңбек жасады. Қазақ өлеңінің жаратылыс-сырын танып, ашу бағытындағы ізденіс-зерттеулерде Мүсілім Базарбаев еңбегінің жетекші орында болатыны даусыз. Мүсілім Базарбаевтың зерттеу еңбектерінің өрісі бүгінгі ғылыми-көркемдік ұстаным, таныммен ұштасып жатыр. Мүсілім Базарбаевтың әдеби-сын, публицистикалық, ғылыми-зерттеу еңбектерінің қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы өзіндік орны айқын. Ол әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуының көркемдік негіздерін қорытындылауға елеулі үлес қосты.

*Анар Аширова,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
аға оқытушысы, ф.ғ.к.,*

МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ

Мәдениетіміз ұлттық шеңбермен шектелмей әлемдік мәдениет кеңістігінде өмір сүруде. Мәдениет құндылықтар өз дәуіріне сай қамтылуы тиіс. Дегенмен де мәдени даму үлесінің екі жағын тең ұстауымыз қажет. Ең алдымен тұрақты дамуына назар аудару, екіншіден жаналыққа ұмтылуда мүмкіндіктер жасау. Халықтық рухани және мәдениет байлықтарын қалпына келтіре отырып ұлттық байлыққа ұмтылдыруды ойландыруымыз керек.

Тарихи мұраларды түгелдеуде мемлекет тұтастығының символына айналыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Жаңа дәуір тынысын сезінуде ұлттық құндылықтарға ерекше мән беруге міндеттіміз. Ата-бабаларымыздың тарихта қалдырған мәдени мұраларының тамырына үнілу, танылған дүниелерімізді толықтыру, көмілген қазыналарды ашып алу - біздің міндетіміз. Ұлттық құндылықтар жер астындағы қазбалармен шектелмейді, жер үстінде өмір сүріп жатқанын ұмытпайық.

Мұра дегеніміз – тек тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, өміршен өміріміздің жемісі. Рухани байлық жер көкірегінде емес, ел көкірегінде сақталуы тиіс. Тәуелсіздігіміздің белгісін рухани мәдениет айқындайды. Мәдениет-әлеуметтік болмыстық жандануы мен жанаруының белгісі. Сондықтан мәдени өркендеудің арқасында ғана өркениеті елдер көшіне іліге аламыз. Өркениеттік үрдістердің тенденциясы мен мәнін ашу ауқымды мәселе. Бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі- қазақ өркениетін әлемдік өркениет құндылықтарымен үйлестіру. Ұлттық мәдениет әлемдік мәдениеттің

гуманистік үрдіс үлгілерімен сусындауы тиіс. Рухани мәдениетіміздің ертені мен болашағы әлеуметтік дүниетаным өрісімен өлшенеді.

Тарих бұрмаланған сайын, мәдениетке деген көзқарас тарылған сайын, тілдің саясаттағы, ғылымдағы, басшылықтағы, халықаралық қатынастағы аясы тарылған немесе өрісі кеңейген сайын оның қызметі не құрдымға, не қарқынды өзгеріске ұшырамақ. Түріктік түбірлі ізденісін құлшыныстар көбеюде, еуразиялық кеңістіктегі талпыныстар тізбектелуде.

Біз ұзақ жылдар бойына «коммунизм» деп алатын әлеуметтік-дүниетанымдық құрылымының аясында, ғылым ілімдеріміздің негізін ата-бабаларымыз айтып кеткен Құдайтану ілімінен аулақ құрдық. Бұл жолда жоғалтқандарымыз жайында қазір өзіміз де айтып жатырмыз. Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы, дін өздігінен өнгелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жапғыз-ақ, бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» - деп жазады (186 бет). Көзі ашық білімді азамат қазіргі елімізге жан-жақтан анталаған бөгде діндердің шабуылынан, қоғамдағы тұтастықтың бұзылу қаупін біліп, түсінуі тиіс. Саудаға салынбайтын, шалалықты көтермейтін құндылықтардың биіктігіндегі ата дінімізді оқып-үйренуде, насихаттауда бабаларымыздан қалған рухани мұраның мирасқоры болуымыз – негізгі шарттылық. Тақыр жерде ешнәрсенің шықпайтыны сияқты, Яссауи, Фараби, Абай, Шәкәрім бабаларымыздың үлгісін бойға сіңірмей бұл бағытта алға жылжи қою қиын. Өзіміздің студенттік жылдарымызда батыстық дүниетанымның темір қабырғалары құлағаннан кейін лап қойған ойшыл-ғалымдардың (Камю, Сартр, Ницше, Поппер т.б.) еңбектеріне көп еліттік. Бақсақ, батыстық дүниетанымның тек дүние қажетін күлдендіру мақсатында құрылған да, онда адам жанының рухани мәселелерінің шешімі жоқ. Сондықтан да болар батыстың бүгінде рухани азуға ұшырап тұрғаны. Батыстық ілімдер бізді ошақ қасынан тербеп өсірген құндылықтармен астаспады, қайта қиыр шетке тарта берді. Артымыздағы халықтың сүйенері болған жастардың бір жеңнен қол, бір жағадан бас тыңғаруы өте қиынға соқты. Шындығында біздің жұртымыз алдандан, ақыл тыңдаудан жалыққанын байқадық. Мың мәрте езіп айта бергенше, бойынды түзеп, ісімен, мінез-құлқымен бір мәрте көрсету абзал екенін аузынан Алласы түспейтін. Иасауи, Шәкәрім, Абай сияқты даналар сөздерін суша жаттаған, әрі әр айтқанын өзі бұлжытпай орындайтын бір ақсақал көрсетті.

«Мәдени мұраның» маңызы халық тарихының жалы мен есіндегісінен, белгілі бір кеңістіктегі өркениет өрнегінің көрінісінен, сол халықтың сана-сезімінің айғағынан, этникалық ұқсас қауымдастықтардың белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі тіршілік тәсілінің айғағынан білінеді. Осы төрт деңгейдің танымдық-тағлымдық жақтарына назар аударғанымыз жөн болар. Бұл бағыттағы ізденістер білім саласында ортақ арнасы мен шешімін әзірге таба қойған жоқ дерлік. Ізденістердің түп-тамыры мен түрлерін салыстырсақ, одан халықтың тарихына, тіліне, діліне, яғни еуразиялық кеңістіктегі